Шаңсорғыш

Пайдаланушы нұсқаулығы

SC15M25****, SC20M25**** сериялары

- Бұл құрылғыны іске қосар алдында, нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз.
- Тек үй ішінде қолдануға арналған.



SAMSUNG

Мазмұны

ДАЙЫНДЫҚ

Қауіпсіздік туралы ақпарат 3
Маңызды сақтық шаралары 4

ОРНАТУ

Бөлшектердің атаулары 10

Керек-жарақтары 11

ІСКЕ ПАЙДАЛАНУ

Шаңсорғышты пайдалану 12
Корпусты пайдалану 12
Тұтқаны пайдалану 12
Шөткелерді пайдалану 13

КҮТІМ КӨРСЕТУ

Тазалау және күтіп ұстау 14
Шаң қалтасын тазалайтын кездер 14
Кіресін сүзгіні тазалау 14
Шаң қалтасын тазалау 14
Ауа шығару сүзгісін тазалау 15
Түтікті тазалау 15
Циклон сүзгісін тазалау 15
Шөткені тазалау 16
Түтікшені тазалау 16
Шаңсорғышты сақтап қою 16

ҚОСЫМШАЛАР

Ескертпелер мен ескертулер 17
Қолдану барысында 17
Тазалау және күтім көрсету 17

Ақаулықты түзету 18

Қауіпсіздік туралы ақпарат

- Құрылғыны іске қосар алдында, осы нұсқаулықты мұқият оқып шығып, кейін қарап жүру үшін сақтап қойыңыз.
- Себебі төменде көрсетілген құрылғыны іске қосу нұсқауларында әр түрлі үлгілер қамтылғандықтан, сіздің шаңсорғышыңыздың техникалық сипаттамасы, осы нұсқаулықта көрсетілген құрылғылардан сәл өзгеше болуы мүмкін.

Қолданылған Абайлаңыз/Ескерту белгілері

⚠ ЕСКЕРТУ

Өлім қатері немесе ауыр жарақат алу қаупі барын көрсетеді.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Адам жарақат алуы немесе мүлікке зиян келуі мүмкін екенін ескертеді.

Басқа қолданылған белгілер

ЕСКЕРТПЕ

Келесі мәтінде маңызды қосымша ақпарат барын көрсетеді.

Маңызды сақтық шаралары

Электрлі құрылғыны қолданған кезде, негізгі сақтық шараларын сақтау керек, соның ішінде:

⚠ ЕСКЕРТУ

Бұл шаңсорғыш тек үй шаруасында пайдалануға арналған.
Шаңсорғышты құрылыс жұмыстарының қалдықтарын немесе қоқыстарын, лазерлік принтерлерінің тонерін жинауға тыйым салынған. Шаң сүзгісін әрқашан таза күйде сақтаңыз, онда майда шаңның жиналуына жол бермеңіз. Кілем тазалауға арналған құрғақ ұнтақ немесе майда шаңды, мысалы ушін ұнды, аздан сору тиіс. Шаңсорғышты қолданғаннан кейін оның шаңжинағышы мен шаң сүзгіні жақсылап тазалау жөн. Шаңсорғышты шаңжинағышы мен шаң сүзгісіз қолдануға немесе ескірген, бұзылған шаңжинағышымен қолдануға болмайды. Шаңжинағышты әрқашан дұрыс қалпында, берілген нұсқауларға сәйкес орнатыңыз. Осы талаптар орындалмаған жағдайда шаңсорғыштың ішкі бөлшектеріне нұқсан келуі және кепілдік заңды күшінен айырылуы мүмкін. Микро сүзгіні жуғаннан кейін оны шаңсорғыштан бұрап шығармаңыз. Шығарған жағдайда сүзгі бұзылуы немесе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
Сүзгі бұзылған немесе дұрыс жұмыс істемеген жағдайда оны жаңасына ауыстырыңыз. (Осы талаптар орындалмаған жағдайда шаң мен қоқыс моторға кіретін болады). Сузгінің түйіспелі беті және оны орнатуға арналған кемедегінің ортасындағы саңылауларын жойып сүзгіні дұрыс қалпында орнатыңыз (осы талаптар орындалмаған жағдайда шаң мен қоқыс моторға кіретін болады).

Жалпылама ақпарат

- Нұсқаулардың барлығын мұқият оқып шығыңыз. Тоққа қосар алдында электр желісіндегі кернеудің, шаңсорғыштың астыңғы жағындағы техникалық ақпарат тақтайшасында көрсетілген мәнге сай келетініне көз жеткізіңіз.

- Бұл құрылғы кембағал, сезім мүкістігі бар немесе ақыл-есі кем, құрылғыны қолдану тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар (балаларды қоса алғанда) қолдануға арналмаған. Олар осы құрылғыны өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс. Балаларға ересектердің бақылауынсыз тазалауға және құрылғыны жөндеуге тыйым салынған.
- Балаларды құрылғымен ойнамас үшін қадағалап отыру керек. Шаңсорғышты ешқашан қараусыз іске қосып қоюға болмайды.

Қуат туралы

- Шаңсорғыштың ашасын тоқтан суырмай тұрып, корпусындағы тетігін басып сөндіріңіз. Шаң қалтасын тазалар алдында ашаны розеткадан суырыңыз. Құрылғыға нұқсан келтірмеу үшін, оны сымынан тартпай, ашасын қысып ұстап суырыңыз.
- Құрылғыны тазалау немесе оған күтім көрсету жұмыстарын жүзеге асыру үшін ашаны розеткадан суыру керек.
- Ашаны розеткаға сұқпай тұрып, Min. қалпына қойыңыз.
- Ұзартқыш сымды қолдану ұсынылмайды.
- Электр тоғы соғу немесе өрт шығу қатеріне жол бермеңіз.
  - Қуат сымын бүлдіріп алмаңыз.
  - Қуат сымын тым қатты тартып суырмаңыз немесе оны су қолмен ұстамаңыз.
  - Номиналды қуат мәнінен басқа қуат көзін пайдалануға болмайды және сондай-ақ көп ұялы розеткаға бір мезгілде бірнеше құрылғыны қатарынан қосуға болмайды.
  - Қуат сымын еденде қараусыз қалдырмаңыз.
  - Зақымданған ашаны, қуат сымын немесе босап тұрған розетканы қолданбаңыз.
  - Қуат ашасын розеткаға қосу алдында токты сөндіріп, саусақтарыңыз қуат ашасының істікшелеріне тиіп тұрмағанына көз жеткізіңіз.
  - Шаңсорғышты бөлшектемеңіз немесе өзгертпеңіз. Қуат сымына нұқсан келсе, оны уәкілетті техникке ауыстыртып алу үшін өндірушіге немесе қызмет көрсету агентіне хабарласыңыз.

- Қуат ашасының істігі мен түйіспе бөлшегіндегі шаңды немесе кез келген бөтен заттарды тазалаңыз.
- Шаңсорғыш қолданылмай тұрған кезде тоқтан суырыңыз. Тоқтан суырар алдында қуат тетігін сөндіріңіз.
- Қорек сымы бүлініп қалса, қатерлі жағдай орын алмас үшін оны өндіруші немесе өндірушінің уәкілетті агенті немесе білікті адам ауыстыруға тиіс.

Қолдану барысында

- Шаңсорғышты түтігінен ұстап алып жүрмеңіз. Шаңсорғышты көтеру немесе алып жүру үшін шаңсорғыш корпусындағы тұтқаны пайдаланыңыз.
- Шаңсорғыш қолданылмай тұрған кезде тоқтан суырыңыз. Тоқтан суырар алдында қуат тетігін сөндіріңіз.
- Далада, дымқыл кілем үстінде немесе дымқыл бетті тазалау үшін пайдаланбаңыз.
- Шаңсорғышты кілем немесе еден дымқыл болған кезде пайдаланбаңыз.
- Бұл өнімді далада қолданбаңыз, себебі бұл тек үй ішінде ғана пайдалануға арналған.
  - Дұрыс жұмыс істемей қалу немесе зақым келу қаупі бар.
    - ❊ Даланы тазалау: Тас, цемент
    - ❊ Биллярд бөлмесі: Бор ұнтағы
    - ❊ Ауруханаңың зарарсыздандыру бөлмесі
- Шаңсорғышты сұйық заттарды (мысалы, су), заттың жүздерін, істік не оттың күлін сорғызу үшін пайдаланбаңыз.
  - Дұрыс жұмыс істемей қалу немесе зақым келу қаупі бар.
- Шаңсорғышты пайдалану барысында балалар ұстап қоюға жол бермеңіз.
  - Корпус қатты қызып кетсе, балалар күйіп қалуы мүмкін.
- Корпусқа ешнәрсе орнатпаңыз немесе физикалық әсер тигізбеңіз.
  - Жарақат алуға немесе зақым келтіруге әкелуі мүмкін.

- Шаңсорғышты сіріңкені, ыстық күлді немесе темекі тұқылын тазалау үшін қолданбаңыз. Шаңсорғышты пештен және басқа қызу көздерінен алыс ұстаңыз. Қызудың әсерінен құрылғының пластик бөліктерінің өңі кетуі немесе деформациялануы мүмкін.
- Қатты, өткір заттарды шаңсорғышпен тазаламаңыз, себебі шаңсорғыштың бөлшектеріне нұқсан келтіруі мүмкін.
- Ауа соратын немесе шығаратын саңылауларын бітемеңіз.
- Шаңсорғышты шаң қалтасын және сүзгілерді салмай қолданбаңыз.
- Тозған, бүлінген немесе зақымдалған сүзгілерді қолданбаңыз және сүзгіні сүзгі мен сүзгі қақпағы арасына саңылау қалдырмай дұрыс енгізу керек.
  – Бұл шаң мен қоқыстың моторға енуіне себеп болуы мүмкін.
- Егер шаңсорғыш дұрыс жұмыс істемей тұрса, тоқтан ажыратып, уәкілетті қызмет көрсету маманына хабарласыңыз.
- Газ жылыстап ақса немесе шаң тазалағыш тәрізді тұтанғыш спрейді пайдалансаңыз, розеткаға қол тигізбеңіз және бөлмені желдету үшін терезелерді ашыңыз.
  – Жарылыс немесе өрт шығу қаупі бар.
- Шаңсорғышты ғимараттардың ішіндегі қоқыстар мен қалдықтарды, лазер принтерінің ұнтақ бояғыш затын тазалау үшін қолданбаңыз. Сүзгілерге өте ұсақ шаң жиналып қалмас үшін уақытылы тазалап отырыңыз.
- Құрғақ кілем тазалағаштар немесе сергіткіштер, ұнтақтар және ұн сияқты ұсақ шаңды шаңсорғышпен өте аз мөлшерде тазалау керек.
- Баспалдақтарды ерекше күтіммен тазалаңыз.
- Суды сорғызып алу үшін пайдаланбаңыз.
- Тазалау үшін суға батырмаңыз.
- Бұл түтікті үнемі тексеріп, зақым келсе пайдаланбау керек.
- Сым орауышына ораған кезде ашаны ұстап тұрыңыз. Ораған кезде ашаның оралып қалуына жол бермеңіз.

Тазалау және күтім көрсету

- Шаңсорғыштың шөткесі кертікке салынып тұрғанда көтеруге немесе алып жүруге болмайды.
- Корпусты тазалау үшін құрғақ сүлгіні немесе шүберекті пайдаланыңыз, шаңсорғышты тазалау алдында токтан ажыратыңыз. Тазалау үшін суды тура бүркуге немесе тұтанғыш материалдарды (мысалы, бензол, сұйылтқыш немесе спирт) немесе жанғыш спрейлерді (мысалы, шаң арылтқыш) пайдалануға болмайды.
  - Құрылғыға су немесе басқа зат кіріп, дұрыс жұмыс істемеуге әкелсе, шаңсорғышты сөндіріп, ашасын розеткадан суырып, содан кейін қызмет көрсету технигіне хабарласыңыз.
- Шаңсорғыштың жууға болатын бөліктерін жуу үшін сілті немесе өнеркәсіптік жуғыш заттарды, ауа сергіткіштерді немесе (сірке суын) қышқылдарды пайдаланбаңыз. (Келесі кестеге қараңыз).
  - Бұл пластик бөліктерді зақымдауы, майыстыруы немесе түсін кетіруі мүмкін.

Қолжетімді жуғыш зат	Бейтарап жуғыш зат	Ас үй тазалағышы
Қолжетімсіз жуғыш зат	Сілтілі жуғыш заттар	Ағартқыштар, зең тазалағыштар, т.б.
	Қышқылы бар жуғыш заттар	Парафин майы, эмульгатор, т.б.
	Өнеркәсіптік жуғыш зат	NV-I, PB-I, Опти, спирт, ацетон, бензол, сұйылтқыш, т.б.
	Ауа сергіткіш	Ауа сергіткіш (спрей)
	Май	Жануар не көкөніс майы
	т.б.	Тағамға қолдануға болатын сірке қышқылы, сірке суы, кристалл сірке қышқылы, т.б.

- Түтікшелер жинағын аяқпен баспаңыз. Түтікшеге салмақ салмаңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Қолдану барысында

- Түтікті өзінің арналған мақсатынан басқа мақсатта қолданбаңыз.
  - Жарақат алуға немесе зақым келтіруге әкелуі мүмкін.
- Шаңсорғышты пайдалану барысында құрал корпусының қақпағын көтерген кезде, қауіпсіздік құралы қосылып, жұмыс барысында естілетін дыбыс өзгеруі мүмкін.
  - Шаңсорғышты пайдалану барысында құрал корпусының қақпағын ұстасаңыз, жұмыс барысында естілетін дыбыс өзгеруі мүмкін, бірақ шаң қалтасының астындағы дөңгелек түтік шаң төгіліп қалуға жол бермейді.
- Қуат сымын толығымен тартпаңыз, оны қайта орау барысында бір қолмен ұстап тұрыңыз.
  - Егер толығымен тартқыңыз келсе, қуат сымына зақым келуі мүмкін және қуат сымын ораған кезде ұстап тұрмасаңыз, оған ие бола алмай қалып, айналадағы адамдарды жарақаттауыңыз немесе заттарға зақым келтіруіңіз мүмкін.
- Шаңсорғыштан әдеттен тыс дыбыс, иіс немесе түтін сезілсе, қуат сымын дереу ағытып, қызмет көрсету технигіне хабарласыңыз.
  - Электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Шаңсорғышты қыздыру құрылғыларының қасында (мысалы, пеш), жанғыш спрей немесе тұтанғыш материалдардың қасында пайдаланбаңыз.
  - Өрт шығаруы немесе өнімді деформациялауы мүмкін.
- Шаңсорғыш тиімді түрде жұмыс жасау үшін, оның шаң қалтасын толтырмай тұрып ауыстырыңыз.

Тазалау және күтім көрсету

- Шаңсорғышты ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз, ток көзінен ағытып қойыңыз.
  - Ток соғу немесе өрт шығу қаупін тудыруы мүмкін.

Бөлшектердің атаулары

Өнім жобасы үлгілерге байланысты әртүрлі болуы мүмкін.



01 Түтік
02 Тұтқа
03 Түтікше
04 Шаң қалтасы
05 Қуат түймесі
06 Сымды орау түймесі / Тасымалдау тұтқасы
07 Қуат сымы
08 Шығыс сүзгісі

Керек-жарақтары

Керек-жарақтар үлгілерге байланысты әртүрлі болуы мүмкін.



Түтікше



Түтікше



Түтік



Түтік
(SC20M25*5** сериялары, SC20M25*B** сериялары)



2-қадамды шөтке



2-қадамды шөтке



2-қадамды шөтке
(SC20M25*5** сериялары, SC20M25*B** сериялары)



Қыл-қыбыр шөткесі



Сөндіргіш импульс алаңының шөткесі



EzClean циклоны



2-in-1 керек-жарақтар



Жануарлар үшін қарқынды плюс құралы / Үй жануарларының күтіміне арналған шөтке



Пайдаланушы нұсқаулығы

Шаңсорғышты пайдалану

Сору деңгейін басқару өнім үлгілеріне байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

Корпусты пайдалану

Қуат сымы





Қосу/Сөндіру



Сору



01 Төмен қуат

02 Жоғары қуат

Тұтқаны пайдалану



ЕСКЕРТПЕ

- Маталарды шаңсорғышпен тазалау үшін сору қарқынын төмендету мақсатында дөңгелек реттегішті айналдырыңыз.
- Тұтқалар өнімнің қуатын бақыламайды.



01 Қуатты ҚОСУ/СӨНДІРУ

02 Ең төмен / Орташа шаң сору қуаты

03 Ең жоғары шаң сору қуаты

Шөткелерді пайдалану



Шөткелер пайдаланылатын жерлер



❶ 2-қадамды шөтке

✳ Еден

Кілем



❷ 2-қадамды шөтке



❸ 2-қадамды шөтке

✳ Еден

Кілем



❹ Қыл-қыбыр шөткесі



❺ Жануарлар үшін қарқынды плюс құралы / Үй жануарларының күтіміне арналған шөтке



❻ Сөндіргіш импульс алаңының шөткесі



❼ Шаң тазалайтын шөтке



❽ Сүйір құрал

Тазалау және күтіп ұстау

Шаңсорғышты тазалау алдында токтан ағытыңыз.

Шаң қалтасын тазалайтын кездер



Кіресін сүзгіні тазалау











Шаң қалтасын тазалау

Қалтада шаң көп болса, шаң қалтасын тазалаңыз немесе ауыстырыңыз.









Шүберек қалта





Қағаз қалта





КҮТІМ КӨРСЕТУ

Ауа шығару сүзгісін тазалау



Түтікті тазалау



Циклон сүзгісін тазалау



Шөткені тазалау



2-қадамды шөтке

✳ [2-қадамды шөтке] және [Сөндіргіш импульс алаңының шөткесі] тазалау тәсілі бірдей.



Жануарлар үшін қарқынды плюс құралы / Үй жануарларының күтіміне арналған шөтке



Қыл-қыбыр шөткесі

Түтікшені тазалау



Шаңсорғышты сақтап қою



Ескертпелер мен ескертулер

Қолдану барысында

ЕСКЕРТПЕ

- Өнім функциялары үлгі түріне байланысты әр түрлі болуы мүмкін.
- Шаң тазалайтын шөткені немесе сүйір құралды пайдаланғанда, шаңсорғышта діріл пайда болғанын сезінуіңіз мүмкін.
- Шаң қалтасын түсіп қалмау үшін қауіпсіздік құралы қосылғаннан кейін жұмыс барысында естілетін дыбыс өзгеруі мүмкін.
  - Шаң қалтасының астыңғы жағындағы дөңгелек түтік шаң төгіліп қалуға жол бермейді.
- Шаңсорғыш жұмыс істемеген кезде батареяларын ауыстырыңыз. Ақаулық орын алуын жалғастырса, уәкілетті дилерімізге хабарласыңыз. AA өлшемді 2 батареяны қолданыңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Ашаны розеткадан суырғанда, сымынан тартып емес, ашасынан ұстап суыру керек.
- Шаңсорғышты алып жүрген кезде қақпақ астындағы түймені басу арқылы корпус қақпағын ашып жібермегеніңізді тексеріңіз.
- Өнімді орнына қою үшін, корпус астындағы кішкентай саңылаудағы еденге арналған түтікшені тиісінше орналастырыңыз.

Тазалау және күтім көрсету

ЕСКЕРТПЕ

- Шығыс сүзгісін сумен жуманыз.
- Шығыс сүзгісін жақсы күйде ұстау үшін, оны жылына бір рет ауыстырыңыз.
- Едендерге сызат түсірмеу үшін шөткенің күйін тексеріп, тозған болса ауыстырыңыз.
- Қосалқы сүзгілерді жергілікті Samsung қызмет агенттерінен алуға болады.
- Қуат сымын ұстап тұрып, Сымды орау түймесін басыңыз, себебі, сымды орау барысында босап кетсе, жарақат алуыңыз мүмкін.
- Қуат сымы дұрыс оралмаса, сымды қайта 2 ~ 3 м тартып шығарғаннан кейін Сымды орау түймесін қайта басыңыз.
- Шаң сору қарқының қуаты үздіксіз төмендесе, "Кіресін сүзгіні тазалау" бөлімін қарап, кіресін сүзгіні тазалаңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Шаң сору қарқыны үздіксіз төмендесе немесе шаңсорғыш қатты қызып кетсе, шығаберіс сүзгіні тазалаңыз.
- Кіресін сүзгіні теріс құрастырса, шаң сору қарқыны әжептәуір төмендеуі мүмкін.
- Түтіктегі бөгде заттарды ала алмасаңыз, жақын жердегі қызмет көрсету агентіне хабарласыңыз.
- Шаңсорғыш деформацияланып немесе өңсізденіп қалмау үшін көлеңке жерде сақтаңыз.
- Шаңсорғыштың батареяларын ауыстырған кезде, төмендегі нұсқауларды орындаңыз.
  - Батареяларды ешқашан бөлшектемеңіз немесе қайта зарядтамаңыз.
  - Батареяларды ешқашан қыздырмаңыз немесе отқа лақтырмаңыз.
  - (+), (-) полюстарын ауыстырмаңыз.
  - Батареяларды дұрыс тастаңыз.

Ақаулықты түзету

Белгісі	Тексерулер
Қозғалтқыш іске қосылмайды.	• Сымды, қуат ашасын және розетканы тексеріңіз.
Ауа сору қарқыны біртіндеп төмендей бастады.	• Зат кептеліп қалмағанын тексеріңіз, қажет болса алыңыз. • Сүзгілерді тексеріңіз, қажет болса, осы нұсқаулықта көрсетілгендей тазалаңыз. – Сүзгілер жарамсыз күйде болса, оларды жаңа сүзгілерге ауыстырыңыз.
Сым толық оралмайды.	• Сымды 2 - 3 м ұзын етіп шығарып, Сымды орау түймесін басыңыз.
Корпус қызып кетеді	• Сүзгілерді тексеріңіз, қажет болса осы нұсқаулықта көрсетілгендей тазалаңыз.
Статикалық электрлік тоқ бөлінеді.	• Сору қарқынын азайтыңыз. • Бұл бөлменің ішіндегі ауа өте құрғақ болған кезде де байқалуы мүмкін. Ауаның ылғалдылығы қалыпты деңгейге келгенше бөлмені желдетіңіз.
Пайдалану кезінде, құрылғыны тоқтатыңыз.	• Шаңсорғышта қызып кету кезінде моторды қорғайтын арнайы термостат бар. Шаңсорғыш кенеттен сөніп қалса, қосқышты өшіріңіз және шаңсорғышты токтан ажыратыңыз. Шаңсорғышты шаң сауытының толуы, бұғатталған түтікше, түтік немесе бітелген сүзгі тәрізді қызып кетудің ықтимал көзінің бар-жоғын тексеріңіз. Осы жағдайлар анықталса, оларды дұрыстап, шаңсорғышты пайдалануға дейін кемінде 30 минут күтіңіз.

Қазақша		Символ Кедендік одақтың 005/2011 техникалық регламентіне сәйкес қолданылады және осы өнімнің қаптамасын екінші рет пайдалануға арналмағанын және жоюға жататынын көрсетеді. Осы өнімнің қаптамасын азық-түлік өнімдерін сақтау үшін пайдалануға тыйым салынады.
		Символ қаптаманы жою мүмкіндігін көрсетеді. Символ сандық код және/немесе әріп белгілері түріндегі қаптама материалының белгісімен толықтырылуы мүмкін.

Өндіруші: Самсунг Электроникс Ко., Лтд.
Корея Республикасы, Кёнги-до, Сувон қаласы, Енгтонг-гу, Самсунг-ро, Мэтан Донг, № 129 үй

Изготовитель: Самсунг Электроникс Ко., Лтд
Республика Корея, Кёнги-до, город Сувон , Енгтонг-гу, Самсунг-ро, Мэтан Донг, дом № 129

Өндірушінің аты және мекен-жайы: «Самсунг Электроникс Хошимин СЕ»
Вьетнам, Lot I-11, D2 Road, Saigon Hi-Tech Park, Tang Nhon Phu Ward, Хошимин қ. (70000)

Наименование и адрес производителя: «Самсунг Электроникс Хошимин СЕ»
Лот И-11, Д2 Роуд, Сайгон Хай-Тек Парк, Танг Нён Фу Б Уорд, Дистрикт 9, Хошимин Сити, Вьет нам

Вьетнамда жасалған
Сделано во Вьетнаме

Қазақстан Республикасында шағымдар мен ұсыныстар қабылдайтын мекеме:
"SAMSUNG ELECTRONICS CENTRAL EURASIA" (САМСУНГ ЭЛЕКТРОНИКС ЦЕНТРАЛЬНАЯ ЕВРАЗИЯ) ЖШС
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмалы ауданы, Желтоқсан к-сі, 115, 3 қабат, пошталық индекс A05D7M5

Организация, принимающая претензии и предложения в Казахстане:
ТОО "SAMSUNG ELECTRONICS CENTRAL EURASIA" (САМСУНГ ЭЛЕКТРОНИКС ЦЕНТРАЛЬНАЯ ЕВРАЗИЯ)
Республика Казахстан, г. Алматы, Алмалинский район, ул. Желтоксан, 115, 3 этаж, почтовый индекс A05D7M5

SAMSUNG

EAC

RUSSIA	8-800-555-55-55	www.samsung.com/ru/support
KAZAKHSTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 7799)	www.samsung.com/kz_kz/support www.samsung.com/kz_ru/support
UZBEKISTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 7799, 0799 (Uztelecom))	www.samsung.com/uz_uz/support www.samsung.com/uz_ru/support
MOLDOVA	+373-22-667-400	www.samsung.com/ua/support/moldova
BELARUS	810-800-500-55-500	www.samsung.com/ru/support
AZERBAIJAN	0-88-555-55-55	www.samsung.com/az/support
GEORGIA	0-800-555-555	www.samsung.com/az/support/ge
ARMENIA	0-800-05-555	www.samsung.com/ru/support
TAJIKISTAN	GSM: 7779	www.samsung.com/kz_kz/support www.samsung.com/kz_ru/support
MONGOLIA	1800-25-55	https://www.samsung.com/mn/support/contact/
KYRGYZSTAN	GSM: 9977	www.samsung.com/kz_kz/support www.samsung.com/kz_ru/support

DJ68-00759A-12